

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қарашадағы № 1459 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Өрентайұлы Исекешевке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік б е р і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 9

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 4 5 9

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасының Үкіметі, өз мемлекеттері арасындағы достық қатынасты нығайтуға және өз елдерінің тарихы мен мәдени мұраларын зерделеуге ықпал етуді қалай отырып, туризм Тараптардың өзара түсіністігін нығайтудың және ізгі ниетін білдірудің маңызды құралы болып табылатынын түсіне отырып, өз елдерінің экономикалық және мәдени дамуы үшін туризмді дамытудың

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар осы Келісімге, сондай-ақ Тараптардың ұлттық заңнамаларына және өздері қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес теңдік және өзара пайда негізінде туризм саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға ұмтылады.

2-бап

Тараптар ынтымақтастықты тереңдету және екі жақты туризмді дамыту мақсатында Тараптар мемлекеттерінің туристік қауымдастықтарының, бірлестіктерінің, ұйымдарының, туроператорларының және турагенттіктерінің арасында байланыстар орнатуға ықпал жасайды.

3-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес өз мемлекеттерінің туризм индустриясына инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді және туризм саласындағы инвестициялық жағдайлар туралы дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін хабардар етеді, сондай-ақ тиісті инвестициялық жобалармен алмасады.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің аумағында өткізілетін туристік іс-шараларға туристік индустрия субъектілерінің қатысуын Тараптар көтермелейді.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағында төтенше жағдайлар туындау қатерлері туралы ақпарат алмасуға ықпал жасайды.

Тараптар басқа Тарап мемлекетінің аумағындағы Тараптардың бірінің мемлекеті азаматтарының мүдделерін қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, соның ішінде төтенше жағдайлар туындаған жағдайда оларды эвакуациялау бойынша шаралар қабылдайды.

6-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің туристік әлеуеті туралы жарнамалық және ақпараттық материалдармен, сондай-ақ туризм саласындағы:

- өз елдерінде туристік қызметті реттейтін заңнама және өзге де нормативтік қ ұ қ ы қ т ы қ а к т і л е р ;
- туристік индустрияны дамытудың стратегиялық жоспарлары және б а ғ д а р л а м а л а р ы ;
- Тараптар мемлекеттерінің туристік көрікті жерлері болып табылатын табиғи ресурстарын және тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғауға және сақтауға б а ғ ы т т а л ғ а н ұ л т т ы қ з а ң н а м а ;
- туризм саласындағы статистикалық деректер;
- туризмнің бәсекеге қабілеттілігі және орнықты дамуын арттыруға бағытталып қ а б ы л д а н ғ а н ш а р а л а р ;
- туристік қызметтердің және туризм саласындағы қауіпсіздіктің сапасын арттырудағы ж ұ м ы с т ә ж і р и б е с і ;
- туристік қызмет көрсететін мекемелерді басқару тәжірибесі туралы ақпарат алмасу үшін күш жұмсайды.

7-бап

Тараптар Дүниежүзілік туристік ұйым қызметінің шеңберінде өздерінің туризм саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарының ынтымақтастығын үйлестіреді.

8-бап

Тараптар туризм саласында маманданған Тараптар мемлекеттерінің туристік және білім беру ұйымдары арасындағы байланысты орнатуға және ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

9-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық туристік ұйымдарына басқа Тарап мемлекетінің аумағында туристік өкілдіктерін ашу мәселелері бойынша жәрдемдеседі.

Туристік өкілдіктерді құруға және оның қызметіне қатысты мәселелер Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес реттеледі.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындау үшін жауапты уәкілетті органдар:
Қазақстан Республикасы тарапынан – Қазақстан Республикасы Индустрия және жа ң а т е х н о л о г и я л а р м и н и с т р л і г і ;

Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасы тарапынан – Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасы Экономикалық даму министрлігі болып т а б ы л а д ы .

Егер Тараптардың біреуі осы Келісімнің ережелерін орындау үшін жауапты уәкілетті органының атауын өзгертсе, Тараптар бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

11-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және дипломатиялық арналар арқылы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптардың біреуінің басқа Тараптан Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін кез келген уақытта тоқтатылуы мүмкін.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату, егер Тараптар өзгесі туралы келіспесе, оның қолданысы тоқтатылғанға дейін басталған іс-шаралардың орындалуына олар аяқталғанға дейін әсер етпейді.

201__жылғы «__»_____ қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, орыс, сингал, тамиль және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің заңдық күші бірідей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде немесе қолдануда келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Үкіметі үшін*

*Шри-Ланка Демократиялық
Социалистік Республикасының*